

Ерте заманда шал мен кемпір өмір сүріпті. Шал кемпіріне:
– Кемпір, сен бәліш пісір, мен шанамды жегіп, балық аулап қайтайын, – депті.

Шал балығын шанасына тиеп, үйіне келе жатады. Бір кезде жол бойында бүк түсіп жатқан түлкіні көзі шалады. Шанасынан түсіп, жанына келіп байқаса, тіршілік нышаны білінбейді, өліп қалған сияқты.

– Әйеліме қандай сыйлық десеңші! – деп, шал түлкіні шанасына салып алып, өзі ат-шанасының алдында жүріп отырады.



Түлкі қу ебін тауып, шанадан балықтарды бір-бірлеп жерге тастай береді, тастай береді. Балықты түгел тастап болып, өзі де шанадан түсіп қалады.



– Көне, кемпірім, – дейді шал, – сенің тоныңа қандай жаға алып келгенімді қара!

– Қайда?

Кемпірі шананың жанына келсе, балық та, жаға да жоқ. Кемпір шалға ұрса жөнеледі:

– Сен, пәлен де түген! Сен мені алдағың келген екен ғой!

Шал түлкінің тірі болғанын енді түсінеді.

Қолдан келер шара жоқ, қайғырып, қайғырып қояды.



Ал түлкі болса шашылған балықтарды бір жерге жинап, жолдың жиегінде жеп отырады. Оның жанына қасқыр келеді:

– Сәлеметсің бе, бике!

– Сәлеметсің бе, бауырым!

– Балығыңнан маған да берші.

– Өзің аулап ал да, же.

– Қолымнан келмейді.

– Әй, мен ауладым ғой! Сен, бауырым, өзенге барып, ойығына құйрығыңды малып, былай де:

«Үлкен балық, ұсақ балық, қармағыма түс, балық! Үлкен балық, ұсақ балық, қармағыма түсші, балық!» Балық өзі келіп құйрығыңа ілінеді. Иә, ұзағырақ отыру керек, әйтпесе ілінбеуі мүмкін.

